



БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ, 4-ТОМ. ҚАЗІРГІ ЗАМАН ФИЛОСОФИЯСЫ

Кіріспе



Жалпы бұл кітап – Батыс философиясының бастауынан қазіргі заманға дейінгі жаңа тарихына арналған төрт томдық жинақтың төртінші, қорытынды бөлімі. Қысқаша айтып өтер болсақ, Батыс философиясының жаңа тарихы аясындағы алғашқы том 2004 жылы жарияланып, ежелгі философия тарихына арналған болатын. 2005 жылы жарық көрген екінші том Әулие Аугустин заманынан басталатын ортағасырлық философиядан Қайта Өрлеу дәуіріне дейінгі кезеңді қамтыды. «Қазіргі заманғы философиясының бастауы» деген атаумен шыққан үшінші томда он алтыншы, он жетінші, он сегізінші ғасырлардың ең көрнекті философтарының еңбектері қарастырылды. Ал енді, жинақтың біз кіріскелі жатқан төртінші кітабында он тоғызыншы ғасыр мен жиырмамыншы ғасырдың соңғы жылдарына дейінгі аралықтағы философияның өрбу тарихы баяндалады.

Көбіне, философия тарихын оқудың екі түрлі себебі кездеседі. Кейбір оқырмандар оны қазіргі философиялық мәселелер бойынша ертеректегі ойшылдардың көзқарасымен танысып, олардан тәлім-тәрбие, көмек алу үшін ізденіп, оқиды. Ал енді, оқырмандардың басқа бір тобы бұрынғы заманғы адамдар мен қоғамдарға қызығушылық танытып, олардың интеллектуалды ортасымен танысқысы келеді. Энтони Кенни Батыс философиясының жаңа тарихы құрамындағы кітаптардың барлығын оқырмандардың осы екі тобының да көңілінен шығатындай етіп құрастыруға тырысты. Бұл кітап әрқайсысы хронологиялық реттілікпен құрылған қысқаша үш тараудан басталып, философияның түрлі саласына арналған тоғыз тараумен жалғасады. Философияға тарихи тұрғыдан қызығушылық танытатын оқырмандар хронологиялық бөлімдерді оқып, кей мәселелер бойынша білімін тереңдеткісі келген жағдайда тақырыптық бөлімдерге жүгінсе болады. Ал ең алдымен философиялық сұрақтарға орай ізденетен оқырман кейінгі тақырыптық бөлімдерді оқып, нақты мәселелерді тарихи контекст аясында дұрыс ұғыну үшін хронологиялық тарауларға назар аударғаны жөн.

Ескертіп өтетін бір жайт: осы кітапта қарастырылған жиырмамыншы ғасыр философтарының біразымен Энтони Кенни тікелей таныс болған. Кейбірі оның жақын досы болса, бірқатары онымен әріптес, қызметтес болған кісілер. Энтони Кенни бұл кітапты бакалавриаттың екінші немесе үшінші курсы деңгейіндегі оқырман аудиториясына арнап жазды. Оның үстіне философия тарихына қызығатындардың көбі философия факультеттерінде білім алып жатқан студенттер емес, мұны ескерген Кенни тым ауыр философиялық терминологияға көп жүгінбеген, яғни кітап түсінікті, игеруге оңай болуға ыңғайластырылған. Сондықтан бұл оқулық философияны міндетті оқу жоспарының аясында емес, өз бетімен білімін тереңдетіп, қызығушылық танытып оқитын оқырман үшін пәнді игеру жолында ешбір кедергі келтірмей, қайта көмек көрсету мақсатын көздейді.

Алайда қалай тырысып бақсақ та, философияны оқуды оңай шаруа ету мүмкін емес. Себебі бұл пәннің өзі алғырлықты, сабырлықты талап етеді. Демек, философиялық сұрақтарыңызға жауап іздеп, адамзат тарихындағы игі жақсылардың еңбектерімен танысқыңыз келсе, олардың ойды тереңінен қозғайтын асыл білімінен нәр алуды мақсат етсеңіз, о бастан бұл шаруаға жеңіл желпі қарамағаныңыз жөн болар еді. Себебі еш қиындыққа қарамай, философияның ой-бұлағына қанығу қолыңыздан келсе, сіз адамның жүрегінің түбінде жатқан ең ауыр сұрақтардың шешімін тапқысы келген ойшылдардың арқасында өз ойыңызды ұштап, біліміңізді арттырасыз.

Студенттерім маған кейде: «Осы философия бізге не үшін керек? Бұл тым күрделі, тым түсініксіз, күнделікті өмірде, кәсібімізде қажетсіз болып көрінетін дүниені оқудың қажеті қанша? – деген сияқты сұрақтарды қойып жатады. Мұндай жағдайда менің айтар кеңесім былай: философия дегеніміз – бұл адамзат тарихындағы әр кезеңде өмір сүрген, өз заманының ең дарынды, кемеңгер, көреген өкілдері болған ұлы тұлғалардың ғылыми ізденістерінен туған ой маржандарының қазынасы іспеттес. Әрине, бұл кісілердің ойын, тілін, еңбектеріндегі мән-мағына астарын ұғына қою – оңай шаруа емес. Себебі олар өз дәуірінің айнасы секілді. Олар сол заманның ең өзекті мәселелерін, қиындықтарын, ертеңге байланысты ой-толғанысына байланысты сыр қозғайды. Олардың тарихтағы да, ғылымдағы да орны мен еңбегі ерекше. Егер сіздер олардың көзқарасын, басты идеяларын, алға тартқан философиялық сауалдарын дұрыс ұғына білсеңіздер, философия өте бір қызықты, тартымды, адам ойын алға қарай ала жөнелетін мықты қуат көзіне айналады. Философия мәңгі сұрақтардың жауабын іздейді. Ол адамның болмысын, оның құндылықтарын түсінуді мақсат қояды. Кейбір студенттер философияны оқу



үшін адам белгілі бір жастан асып, ой-өрісі дамыған, көп нәрсеге сабырлықпен қарауға қабілетті болған кезде бет бұрады деп санайды. Алайда бұл – қате пікір. Адам баласы тұлға болып қалыптасу барысының әр кезеңінде түрлі қиындықтарға тап болады. Оны түрлі мәселелер алаңдатады. Өз жан дүниесін түсініп, осы өмірдегі өз орнын тапқысы келмек болғандықтан, ол өз-өзіне сан түрлі сауал қояды. «Мен кімін?», «Мен бұл өмірге не үшін келдім?», «Өмірдің мәні не?», «Бақыт дегеніміз не?», «Бұл қоғамдағы менің орным қандай?» деген сияқты сауалдар адамның мазасын алып, жан-жағына үңіле қарап, айналасын, өзін тануға итермелейді. Көп ойланып, іс-әрекетін ақылға салып, саралап жасауға ұмтылатын жастар үшін философия деген – нағыз қайнар бұлақ. Философия адамның жан-дүниесін тазартуға, өзін тәрбиелеуге, сыни ойлау қабілетін дамытуға жетелейді.

Ал енді осы курс барысында әңгіме болатын кезең, әсіресе, жиырмасыншы ғасыр тұра-сында бірер сөз айтып кетсек.

Философия тарихындағы бұл кезең уақыт жағынан аса ұзақ болмағанына қарамастан, оны ең күрделі, жағымды жаңалық пен қайғылы оқиғаларға, қарама-қайшылыққа, түрлі салалардағы төңкерістерге толы заман десек болады. ХХ ғасыр экономикадағы, саясаттағы, идеологиядағы, мәдениеттегі, ғылымдағы, техника мен медицинадағы жаңалықтардың нәтижесінде адамның дүниетанымдық көзқарасына елеулі өзгеріс әкелді. Ғылыми-техникалық төңкеріс, жаппай машина өндірісінің іске қосылуы, химиялық өндірістің қарқындап дамуы, ақпараттық-кибернетикалық дәуірдің басталып кетуі – шындап келгенде, мұның бәрі өте күрделі құбылыстар. Жиырмасыншы ғасырдағы ең күрделі философиялық мәселелердің бірі – жалпы адамзат баласының аман қалуы. Себебі бір ғасырдың өзінде екі бірдей дүниежүзілік соғыс, экологиялық мәселелердің салдары болған табиғи апаттар, жаппай жойып жіберу қаруларының, дүниенің түкпір-түкпіріне таралып жатқан түрлі індеттердің пайда болуы – мұның бәрі адамзат өміріне үлкен қауіп төндіруде. Осыған байланысты: «Адам өмірінің мәні не? Ол өмір сүруге лайық па? Оның бұл өмірге келгендегі мақсаты не?» деген сұрақтардың өзектілігі арта түсті. ХХ ғасыр адам ой-санасына дүниежүзілік соғыс, геноцид, жаппай қырып-жою сияқты өте қорқынышты сөздерді енгізді. Ал екінші жағынан, бұқаралық ақпарат құралдары, телекоммуникациялар мен ақпараттық технологиялар, соның ішінде радио, телевидение, дербес компьютерлер мен Интернеттің дамуы адамдар үшін білім алуды анағұрлым қолжетімді етті. Уақыт пен кеңістікке қатысты шекаралар жойылды. Сіздер қазір әлемнің кез келген жерінде отырып, қалаған білімге, ақпаратқа қолжеткізе аласыз. Әрине, осының бәрі философияға әсер етпеуі мүмкін емес.

Он тоғызыншы ғасырдан бастап философтар сөздің мән-мағынасына көбірек назар аударма бастады. Жиырмасыншы ғасырда бұл үдеріс екпіндей түсті. Сөздер мен сөйлемдердің түпкі мағынасы мен мәні қандай? Олар нені білдіреді, не жайынды сыр шертеді? Оның астарында не жатыр? Мән-мағына мен ақиқаттың арасында қандай байланыс бар? Шын мәнінде, бұл мәселе ежелгі философияда да, Орта ғасырларда да көтерілген болатын. Бірақ жаңа дәуірде – коммуникациялық-ақпараттық өзгерістердің ықпалымен – бұл сауалдардың өзектілігі арта түсті. Осыған орай, ойлаудың әдісі болып табылатын логика философиясы, ой-сананың құралы – тіл философиясы, тілдің айнасы – ақыл-ой философиясы, қоғамның құрылымы мен әділеттілік ұғымын тануға ұмтылатын саяси, құқықтық, қоғам философиясы түрлі дүниетанымдық концепциялар тұрғысынан жаңаша қырынан көрінді.

Кеннидің осы философиялық топтамасының алғашқы үш кітабында біз кіріскелі отырған төртінші томда аталған тақырыптар кездеседі. Бірақ төртінші томда осыған дейін қарастырылмаған да сала бар – бұл эстетика саласы. Кеннидің айтуынша, өнер біздің өмірімізбен біте қайнасқан дүние, ол түрлі өнер туындыларынан бастап, күнделікті бесік жыры, әзілдер, мимика, киім-кешегіміздің әрленімі, үйлеріміздің сәулеті мен ішіндегі бұйымы, ыдыс-аяғымызға дейінгі көптеген нәрселерден көрініс табады. Осы өнер туындыларынан біздің бойымызда пайда болатын сезімдер жағымды, не жағымсыз болуы мүмкін. Өнер туындысының бізге берерлік эмоциясы, сезімдері жағымды болса ғана, ол жағымды болып танылады. Оған қоса, бұл эмоциялар, демек, өнер жағымды болу үшін ол жалпыға ортақ адамгершілік бауырластық сезімін асқақтата білуі тиіс. Өнерден туындайтын эмоциялар қоғамның тек талғамы жоғары талапшыл бөлігіне ғана емес, барша адамдар үшін түсінікті болғаны абзал. Осы курстың барысында біз бұл тақырыпқа әлі оралатын боламыз.



Ал әзірге, кітаптың құрылымына қатысты бірер ауыз сөз айтып кетер болсақ, «Қазіргі заман философиясы» он екі негізгі тараудан құралған. Соның алғашқы үшеуі философиядағы елеулі оқиғаларды, соның ішінде ұлы ойшылдардың өмір жолы мен қызметін хронологиялық реттілікпен таныстыруға арналады.

Одан кейінгі тоғыз тарау жеке-жеке тақырыптар аясындағы философиялық көзқарастарды қамтиды. Бұл тақырыптық тараулардың қатарында: логика, тіл, эпистемология, метафизика, ақыл-ой философиясы, этика, эстетика, саяси философия және Құдайды тануға байланысты философиялық теориялар.

XX ғасырда философия аясында түрлі мектептер, бағыттар, концепциялар мен теориялар пайда болды. Дегенмен олардың көбісі осыған дейінгі, өткен ғасырлардағы дүниетанымдық көзқарастардан бастау алып, соның жалғасы болып табылады. Осы оқу курсы аясында біз утилитаризм, экзистенциализм, феноменология, диалектикалық материализм, неопозитивизм, психоанализ, структурализм сияқты түрлі философиялық бағыттармен танысатын боламыз.

Ал біз қарастыратын ғалымдардың арасында Джереми Бентам, Артур Шопенгауэр, Карл Маркс, Чарльз Дарвин, Фридрих Ницше, Чарльз Пирс, Готлоб Фреге, Уильям Джеймс, Бертран Рассел, Людвиг Витгенштейн, Питер Стросон, Зигмунд Фрейд, Эдмунд Гуссерль, Мартин Хайдеггер, Жан-Поль Сартр, Жак Деррида сынды үлкен ғалымдар бар. Олар өз теорияларында түрлі мәселелерді көтереді. Бұл ойшылдардың кейбірі, мысалы, Карл Маркс пен Чарльз Дарвин немесе Фридрих Ницше мен Зигмунд Фрейд ғылым саласы тұрмақ, бүкіл қоғамның дүниетанымдық көзқарастарын өзгертіп, көптеген жаңалықтарға бастау болды. Құрметті студенттер, философия деген өте қызықты пән. Егер сіздер оның шынайы мәнін ұғынып, өзіңізге қажетін меңгере аласаңыздар, философия сіздің өміріңізге көп жағымды өзгеріс әкелуі мүмкін. Философия сіздің дүниетанымыңызды кеңейтіп, алға қойған мақсаттарыңыздың дұрыс, жүйелі болуына себептеседі. Олай болса, іске сәт! Кітапты көбірек оқыңыздар, алып жатқан білімдеріңіз пайдалы болсын!